

тігісінен ылғал өтуі 15 %-ға азайғандығын көрсетті.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Джанахметов У. К. Некоторые особенности склеивания сухими клеями // Развитие технических наук в республике, пути и способы использования их результатов: Сб. науч. трудов. – Вильнюс: Мин-во высшего и среднего спец. образования, 1987. - С. 21-24.
2. Дворецкий И. В. Новые методы соединений деталей швейных изделий // Л., 1972. – 60 с.
3. Болысбекова Р.Т., Жолдыбаева М.Н. Үсенбеков Ж. Мерзімдік сырт киімдердің тігімнің инешаншымы арқылы ылғалдануы. // Материалы республиканской научно-практической конференции молодых ученых «Наука, Образование, молодежь» 16-17 апреля 2015г с 123-124
4. Якияев А.А., Усенбеков Ж. Жіпті тігістің ылғалды өткізбеушілігін зерттеу. // Материалы Республиканской научно-практической конференции «Современные проблемы развития текстильной и легкой промышленности» Семей. 2015 г. с75-77

ӘОЖ 627.02

#### ПОЛИЭФИР ЖӘНЕ ВИСКОЗА АРАЛАС МАТАЛАРЫНА БОЯУ ПРОЦЕСІНДЕ ӘРТҮРЛІ КЛАССТЫ БОЯҒЫШТАРДЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ

*Көпжанова М., студент, Тасымбекова А.Н, аға оқытушы,  
Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: meruert.kopzhanova@mail.ru*

Тоқыма – бұл мәдениеттің ең негізгі бөлшегі, адамзат қажеттілігін қанағаттандыратын объект. Сондай-ақ, тоқыма халықты кәсіппен шұғылдануды қамтамасыздандыратын негізгі ортаны құрайды.

Қазіргі уақытта маталардың сапасына өте жоғары талаптар қояды. Қазақстанның тоқыма өнеркәсібінің, сондай – ақ мақта-матасы саласының алдына дүниежүзілік стандартқа сай жоғары сапалы маталарды шығару талабы қойылды.

Матаның сапасы - иіру, тоқу және өңдеу өндірістерінің жақсы жұмыс істеуіне байланысты. Әсіресе өңдеу өндірісіне көп байланысты болады: колористикалық безендірілу, түстің беріктігі, сыртқы түрі, аз отыруы және тағы басқа тұтынушылық қасиеттері. Бұл талаптарды шешу үшін өңдеу өндірісі заманауи жабдықтармен жабдықтандырылып, өндірістік процесстер механикаландырылып және автоматтандырылып отыр, технологиялар жаңаруда, жаңа текстиль көмекші заттар қолданылуда және тағы басқа.

Маталар мен жаймалардағы дәстүрлі суреттік безендірілуі өзіне үлкен назар аудартады. Көбінде сюрреалистикалық, авангардты, абстрактылы мәнгер нақышты суреттер және бояулар текстиль материалдарында назар аударады. Аккордты және жартылай фонды композициялы түстердің үйлесімділігі жарылысты сипаттама береді – үйлесімділік үйлесімсіз болады.

Түстердің контрастылығы бұйымға өзіндік ашық және қайталанбас ерекшелік береді. Мұндай колористикалық безендірілген суреттер сипаттамасы маңызды роль атқарады.

Жұмыстың мақсаты – полиэфир мен вискозаараласматасына бояу және сурет басу процесстерінде әртүрлі классты бояғыштардың әсерін зерттеу.

Зерттеу объектісі ретінде артикулы - Арт.82039 болатын полиэфирмен вискозаараласматасы алынды.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде полиэфир мен вискоза аралас маталарын бояу кезінде әртүрлі классты бояғыштардың әсері мен көркем безендірілуі зерттелінді.

Полиэфир мен вискоза аралас маталарын бояу үшін алдымен, тікелей және активті бояғыштармен вискозды талшықты материалды бояйды. Бояу процесі төменде көрсетілген сұлбалар бойынша жүргізілді.


Бояу ерітінділері келесі рецептуралар бойынша дайындалды:

1. Тікелей бояғыш зат – 0,5 %

Дисперсті бояғыш зат - 2%


Тұз – 5%

БАЗ-0,2 г/л



2. Активті бояғыш зат – 2%  
Дисперсті бояғыш – 2%зат  
Мочевина – 150г/л  
NaHCO<sub>3</sub> – 20 г/л  
Диспергатор – 2 г/л

Дисперсті және активті бояғыштармен бояудың технологиялық сұлбасы



Бояу процесі аяқталғаннан кейін бояу ерітіндісін салқындатып, боялған үлгілерді жуып шаяды. Жууды жылы 50°C сумен, кейін ерітінді құрамында БАЗ (2г/л) барыстық сумен, соңынан суық сумен жуып шаяды.

#### Қорытынды

1. Полиэфир және вискоза аралас маталарды әртүрлі бояғыштармен бояудың жағдайлары мен тәсілдері қарастырылды.
2. Полиэфир мен вискоза аралас маталарын бояу кезінде әртүрлі классты бояғыштардың әсері мен көркем безендірілуі зерттелінді.
3. Берілген аралас маталардың түрлерін бояу кезінде әртүрлі классты бояғыштардың бекітілуі нәтижесінде қанық және ашық түстерді алуға болады, сондай –ақ алынған бояудың жоғары беріктілігін қамтамасыз етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Куликова М. А., Журавлева Н. В. «Колорирование текстильных материалов», - М., 2000. – с.240
2. Лобанова Л.А. Крашение, печать и роспись текстильных материалов: учебное пособие. – М., 2013. - с.608
3. Сайт «Текстильный клуб», <http://www.textileclub.ru>

ӘОЖ 687-12